

***Дүйсебаева К.Д., Орманбекова Н.А.**

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.,
*e-mail: nazerke_orm@mail.ru

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН АЙМАҒЫНЫҢ ЕМДІК-САУЫҚТЫРУ КЕШЕНДЕРІНІҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ МЕН ДАМУ КЕЛЕШЕГІ

Қазақстан Республикасында санаторий-курорттық секторды дамытуда экономикалық тиімділік қана емес, сонымен қатар әлеуметтік әсер ету де басымдық танытады. Қазақстан Республикасында санаторий-курорттық қызметтер нарығын дамыту және жетілдіруді талдау, бағалау өзекті тақырыптардың бірі болып табылады.

Бүгінгі таңда халықаралық туристік қызметтер нарығы – көп миллиардтық айналымы және қатаң бәсекелестігі бар ірі механизм, сондықтан Қазақстан үшін айрықша ерекшеліктері бар және сұранысқа ие туристік өнімді анықтау бірінші кезектегі міндет болып табылады. Қазіргі жағдайда туризмнің ең танымал түрлерінің бірі емдік-сауықтыру туризмі болып табылады. Мақалада оның қазіргі жағдайы мен оны дамыту перспективалары көрсетілген.

Қазақстан емдік-сауықтыру кешендерін дамыту үшін кең мүмкіндікке ие. Оның негізін бірегей табиғат жағдайлары, минералды су көздерінің молдығы, емдік балшықтардың көптігі және т.б. құрайды.

Оңтүстік Қазақстан аймағының емдік-сауықтыру кешендерінің дамуы шикізат базасының мол болуымен шарттасқан. Емдік-сауықтыру туризмі Оңтүстік Қазақстан облысы экономикасының перспективалық секторларының бірі болып табылады.

Оңтүстік Қазақстан аймағының емдік-сауықтыру кешендерінің жағдайы қарастырылған. Аймақтың емдік-сауықтыру курорттары көрсетілген.

Ел үшін ең маңыздысы – халықтың денсаулығы мен әл-ауқаты болып табылады.

Түйін сөздер: Оңтүстік Қазақстан аймағы, емдік-сауықтыру туризмі, курорттар, емдік және шипалы қасиеттер, минералды сулар, санаторий.

***Duseibayeva K.D., Ormanbekova N.A.**

Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty,
*e-mail: nazerke_orm@mail.ru

Modern condition and the prospect of development of the health-therapeutic complex in the South-Kazakhstan region

The priority in the development of sanatorium and resort sector is not only economic efficiency but also social impact in the Republic of Kazakhstan. The development and improvement of the functioning of the sanatorium and resort services market of the Republic of Kazakhstan is one of the main topical issues for analysis and evaluation.

Nowadays the international tourism services is a gigantic mechanism with a multi-billion dollar turnover and a fierce competition. The primary task is to define a tourism product that has features unique to Kazakhstan and will be in demand. One of the most popular types of tourism activity in modern conditions is health tourism. The article reveals the current state and prospects for its development.

Kazakhstan has wide opportunities for the development of health-therapeutic complex. The basis for the development of a health complex is a unique natural environment, an abundance of mineral springs, a lot of therapeutic mud and other factors.

The development of medical and sanitary complexes in South Kazakhstan region agreed with the availability of raw materials. Health-therapeutic tourism is becoming one of the promising sectors of the economy of the South-Kazakhstan region. The state of medical and health tourism in the South Kazakhstan region is examined.

Therapeutic and health resorts of the region are singled out. The main thing for the country is people's health and well-being.

Key words: South-Kazakhstan region, medical-therapeutic tourism, health resorts, healthful and curative properties, mineral springs, sanatorium.

Дүйсебаева К.Д., *Орманбекова Н.А.

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы,

*e-mail: nazerke_orm@mail.ru

Современное состояние и перспективы развития лечебно-оздоровительного комплекса в Южно-Казахстанском регионе

Приоритетным в развитии санитарно-курортной сферы в Республике Казахстан является не столько экономическая составляющая, сколько социальный эффект. Развитие и совершенствование функционирования рынка санаторно-курортных услуг Республики Казахстан являются и будут являться одной из актуальных тем для анализа и оценки.

На сегодня международный рынок туристских услуг представляет собой гигантский механизм с многомиллиардным оборотом и ожесточенной конкурентной борьбой, поэтому первоочередной задачей становится определение туристского продукта, который имеет присущие только Казахстану особенности и будет востребован. Одним из наиболее популярных видов туристской деятельности в современных условиях является лечебно-оздоровительный туризм. В статье выявлены современное состояние и перспективы его развития.

Казахстан имеет большие возможности для развития лечебно-оздоровительного комплекса. Его основу составляют уникальные природные условия, обилие минеральных источников, множество лечебных грязей и т.п.

Развитие лечебно-оздоровительных комплексов в Южно-Казахстанском регионе обусловлено наличием сырьевой базы. Лечебно-оздоровительный туризм становится одной из перспективных отраслей экономики Южно-Казахстанском регионе.

Рассмотрено состояние лечебно-оздоровительного туризма в Южно-Казахстанском регионе. Выделены лечебно-оздоровительные курорты региона. Главным для страны является здоровье народа и его благосостояние.

Ключевые слова: Южно-Казахстанский регион, лечебно-оздоровительный туризм, курорты, целебные и лечебные свойства, минеральные источники, санаторий.

Кіріспе

Қазақстан Республикасындағы емдік-сауықтыру кешендерінің даму қажеттілігі әлеуметтік тапсырыспен, оның ішінде тұтасында халықтың қажеттіліктерімен, халықтың денсаулығы мен бос уақытын пайдалануының жүйелілігімен, салауатты өмір салтын сақтауға жағдай жасауымен шарттасқан.

Оңтүстік Қазақстан аймағында емдік-сауықтыру кешендерінің дамуы шикізат базасының болуымен байланысты болды және де оның даму болашағы емдік-сауықтыру кешенінің ұйымдастырылуын қайта қолға алуға келіп тіреледі.

Оңтүстік Қазақстан аймағының емдік-сауықтыру кешендері Қазақстанның өзге аймақтарының емдік-сауықтыру кешендерінен дамуы бойынша әлде қайда алда.

Емдік-сауықтыру кешенінің дұрыс дамуы үшін тек аймақ деңгейінде ғана емес, бүкіл республикалық деңгейде кешеннің дамуын қолған алған жөн.

Ол үшін емдік-сауықтыру кешенінің ұйымдастырылуын бірізділендіріп, заңнамалық тұр-

ғыда қатаң қадағалануын жүргізу керек. Емдік-сауықтыру кешендері бұрынғы КСРО-ның профсоюздарының кезіндегідей дамуын қазіргі таңда жоғалтқан. Сондықтан, шет елдердің инвестицияларын тартумен, мемлекеттік тұрғыдан қолдаумен, т.б. жағдайлар арқылы кешенді дамыту қажет.

Халықаралық стандарттар деңгейінде аймақта емдік-сауықтыру кешендерінің дамуы, оларға экономикалық-географиялық тұрғыда талдау жасау және даму келешегіне болжау жүргізу өзектілігі үлкен мәнге ие. Төменде Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрілігі, статистика комитетінің ұсынған деректерін талдай отырып, аймақтың облыстары аумағында емдік-сауықтыру кешендерінің даму жағдайын және де облыстар қарамағында жасалынып жатқан жобалар мен бағдарламалармен танысып талдаймыз.

Емдік-сауықтыру кешендерінің дамуы жоғарыда атап өткендей, тек халықтың денсаулығы мен әлеуметтік жағдайы үшін ғана емес, сонымен бірге елдің туристік және экономикалық жағдайы үшін де маңызды.

Зерттеу әдістері мен негізгі мәліметтер

Зерттеудің заманауи әдістері, жүйелі, салыстырмалы географиялық әдістерді пайдалана отырып библиографиялық, сонымен қатар Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті, аймақтың облыс әкімшіліктерінің ресми сайттарының ақпараттары, ғылыми журналдар мен өзге де интернет ресурстары мәліметтері пайдаланылды.

Оңтүстік Қазақстан аймағы өз құрамына республиканың 4 әкімшілік облыстарын қосады: Қызылорда облысы, Оңтүстік Қазақстан облысы, Жамбыл облысы, Алматы облысы. Оңтүстік Қазақстан аймағы республика аумағының 26,4% алып жатыр. Аумағы бойынша тек Батыс Қазақстан аймағына ғана жол береді.

Аймақтағы емдік-сауықтыру кешендерінің дамуының негізгі алғышарттары табиғи рекреациялық ресурстар болып табылады. Табиғи рекреациялық ресурстар қарастырып жатқан аймақтағы рекреациялық әрекет пен курорттық-рекреациялық шаруашылық мекемелерін құруды шарттастыратын негізгі маңызды факторлар болып табылады. Оларға: климат, түрлі минералдық дәрежедегі бальнеологиялық ресурстар, емдік балшықтардың қорлары және т.б. жатады.

Рекреациялық ресурстар – демалыс, туризм және емдік мақсаттарында пайдаланылатын, шығу тегі табиғи және антропогендік құбылыстар мен нысандар.

Табиғи ресурстар аймақтың емдік-сауықтыру кешендерін таңдаудағы негізгі факторлардың бірі. Туристер мен емделушілер қазіргі кезде, ландшафт пен климаттың ерекшеліктеріне, сондай-ақ емдік ресурстардың түрлілігіне, мол қоры болуына және спортпен шұғылдануға, балық аулауға, т.б. табиғи жағдайдың жасалу мүмкіндіктерін ескереді. Аймақтың қандай табиғи жағдайларға ие болуына қарай, рекреациялық әрекеттің түрлері мен формаларын ұйымдастыруға мүмкіндік туады.

Емдік туризмнің дамуына және курорттық-рекреациялық шаруашылықты жүргізуде аймақтың жер бедерінің сипаты айтарлықтай рөл ойнайды.

Оңтүстік Қазақстан аймағының табиғат жағдайы, оның ішінде рельефі әр түрлі сипатқа ие және Орталық Азия табиғатымен көптеген ұқсастықтар бар. Созылмалы құрғақ дала мен ылғалды таулар, тау алды жазықтар бар. Оның аумақтың 4/5 бөлігін шөлді жазықтар және де аздаған бөлігін таулар мен тау алды жазықтары алып жатыр.

Климаты шұғыл континентті. Қыс суық және созылмалы. Қаңтардың орташа температурасы -18°C . -35°C -ға дейін аяз болуы мүмкін. Жазы жылы және созылмалы. Орташа температурасы 30°C дейін жетеді. Аймақтың әр аудандарында 100-ден 600 мм-ге дейін жауын-шашын түседі.

Емдік-сауықтыру кешендерінің дамуы үшін ауаның тазалығы, жағымды инсоляция жағдайы, температура мен ауа ылғалдылығының көп ауытқуы, тұмандану деңгейінің және бұлтты күндердің төмендігі, желден қорғаныстың болуы және т.б. жағдайлар маңызды.

Климаттық курорттар да климат секілді алуан түрлі болып келеді. Орман (жазықтық), тау, теңіз жағалаулық, климаттық және қымызбен емдеу курорттары – олардың әрқайсысына емдік-сауықтыру мақсаттарында қолданылатын ерекше климат-ауа райы факторларының комбинациясы (температура, атмосфералық қысым, күн радиациясы, т.б.) тән.

Сонымен қатар, емдік-сауықтыру кешендерінің дамуын қамтамасыз ететін маңызды ресурстар қатарына бальнеологиялық ресурстарды да жатқызады. Жер үсті суларының жүйелері балық шаруашылығының дамуында, таза ауада шомылуға, ландшафтының көркем бейнесі үшін үлкен маңызға ие. Емдік-сауықтыру кешендерінің дамуында гидрологиялық жағдайлар ең алдымен су емханаларын құруға мүмкіндік туғызатын ластанбаған, тиісті температурадағы және емдік қасиеттерге ие су беткейлері мен ағындарының болуымен шарттасады.

Оңтүстік Қазақстан аймағының аумағыөзендер мен көлдерге бай. Мұнда ірі өзен Сырдария өзінің салаларымен, Іле өзені, Қаратал, Шу, Талас, Ақсу, Лепсі және басқа да кіші өзендер ағып өтеді. Аймақтың батысында Арал теңізі, солтүстік-шығысында – Балқаш көлі, Сасықкөл және Алакөл көлдері орналасқан.

Алматы облысында Қапшағай су қоймасы, Түркістан облысында Шардара су қоймасы, сонымен қатар Арыс, Ақжайқын, Ақжар көлі, Ақкөл секілді көптеген ұсақ көлдер де бар.

Климаттық жағдайлардан басқа емдік маңызға минералды сулар мен емдік балшықтар ерекше мәнге ие. Жоңғар Алатауының солтүстік беткейлерінде термальды сульфатты-гидрокарбонаттық натрийлі сулар (Алма Арасан) және йодты-бромды хлоридті кальцийлі-натрийлік сулар тараған. Жоңғар Алатауының солтүстік беткейіндегі термальді радондық хлоридті-сульфатты натрийлі сулар азотқа бай.

Емдік-сауықтыру кешендерінің дамуында өсімдік жамылғысы, әсіресе ормандар үл-

кен маңызға ие. Аймақтың өсімдік жамылғысы түрліше. Тау беткейлерінде қылқан жапырақты, аралас және жалпақ жапырақты ормандар таралған.

Батыс бөлігінде өсімдік жамылғысы кедей, негізінен баялыш, жусанды-бетегелі өсімдіктер кездеседі. Шөлдерде сексеуіл, өзен аңғарларының бойында тал, жиле, шеңгел, тамарис өскіндерімен қамысты батпақтар, сирек кездесетін шырша мен үйеңкі ағаштарымен ормандар, жартасты беткейлерде арша ағаштары, жабайы алма, өрік, биік таулы аудандарда – альпі шалғындары өседі.

Оңтүстік Қазақстанның түрлі климатты-географиялық аудандарында 30-дан аса санаторий қызмет атқарады (Ким, 1997).

Аймақтың курортты жерлерінің ең кеңінен танылғандары: Сарыағаш, Жаңақорған, Алма Арасан, Қапал Арасан, Жаркент Арасан, т.б. (Ердаuletov, 2000).

Қазақстанның курорттық ресурстарын зерттеулер республика аумағында минералды сулардың 500 шығу көздері, 78 емдік балшықтың қолданыстағы қорларымен көлдер, 50-ден астам климаттық-емдік жерлердің барын көрсетті (Ердаuletov, 1989).

Оңтүстік Қазақстан аймағының аумағында аралас түрдегі, мысалы, бальнео-балшықты, кли-

матты-қымызбен емдеумен курорттар, санаторийлар, пансионаттар, т.б. емдік-сауықтыру кешендері тараған. Қазақстанның барлық курортты аймақтары жағымды климаттық жағдайларда орналасқандықтан оларды климатпен емдеу түріндегі емдік-сауықтыру кешендеріне жатқызсақ болады.

Аймақтың емдік мақсаттағы кешендерінің аздаған бөлігі ғана зерттелген, ал сауықтыру мақсатындағы қолданыстағылардың 40% ғана пайдаланылады.

Оңтүстік Қазақстан аймағында емдік-сауықтыру кешендерінің мынадай түрлері, мысалы, бальнео-балшықты, климатты-қымызбен емдеумен курорттар, санаторийлер, пансионаттар, т.б. тараған. Аймақта Алматы курорттық аймағы, Сарыағаш курорттық аймағы, Балқаш көлінің жағалық аймағының оңтүстік бөлігі, Шымбұлақ таушаңғылы курортты аймағы орналасқан.

Емдік-сауықтыру кешендерінің ішіндегі қалпына келтіру емі және медициналық оңалту ұйымдарының қазіргі жағдайын, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі, Статистика комитетінің 2017 жылғы соңғы мәліметтерін талдау арқылы да көреміз. Бұл талдау төмендегі 1-кестеде көрсетілген (Емдік-сауықтыру орындарының негізгі көрсеткіштері, 2017).

1-кесте – 2017 ж. аралығындағы емдік-сауықтыру орындарының негізгі көрсеткіштері

	Қалпына келтіру емі және медициналық оңалту ұйымдары	Оның ішінде:					Санаторий-курорттық ұйымдардың төсек қорының сипаты	Бір жылда емделгендер (дем алғандар) саны адам
		Санаторий	Мамандандырылған санаторий	Профилакторий	оңалту орталығы	басқа да		
Алматы облысы	9	3	3	2	-	1	981	10516
Жамбыл облысы	6	3	2	-	-	1	1083	12611
Оңтүстік Қазақстан облысы	34	25	4	-	2	3	4845	79887
Қызылорда облысы	11	3	2	-	-	6	1781	22988
Алматы қ.	12	7	2	-	1	2	2096	46742
Барлығы	72	41	13	2	3	13	10786	172744

Кестені талдайтын болсақ, аймақ бойынша санаторий-курорттық кешендерінің саны 72.

Оның ішінде санаторий саны – 41, мамандандырылған санаторий саны – 13, профилакторий – 2,

оңалту орталықтары 3, басқа мамандандырылған орталықтар – 13. Емдік-сауықтыру кешендері өткен жылдармен салыстырғанда меншіктік түрі бойынша біршама өзгерістерге ұшыраған. Емдік-сауықтыру кешендерінің республика бойынша жеке санаторий-курорттық кешендер мемлекеттік санаторий-курорттық кешендерге қарағанда саны артық, және де заманауи құрыл-

ғылармен жабдықталған және қызмет көрсетудің кең ауқымы қамтылған, сондай-ақ емдеу процесі жоғары дәрежеде жүргізілетіні анық. Мемлекеттік санаторий-курорттық кешендердің көп бөлігі Оңтүстік Қазақстан облысында кездеседі. Бұл жайында толығырақ 2-кестеде көрсетілген (Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрілігі, 2017).

2-кесте – Мемлекеттік меншіктегі санаторий-курорттық ұйымдар

	Санаторий		Мамандандырылған санаторий		Профилакторий		Оңалту орталығы		Басқа да	
	Мемлекеттік	Жеке меншік	Мемлекеттік	Жеке меншік	Мемлекеттік	Жеке меншік	Мемлекеттік	Жеке меншік	Мемлекеттік	Жеке меншік
Алматы облысы	-	3	2	1	-	2	-	-	-	1
Жамбыл облысы	-	3	2	-	-	-	-	-	-	1
Қызылорда облысы	-	3	2	-	-	-	-	-	6	-
Оңтүстік Қазақстан облысы	1	24	4	-	-	-	-	2	2	1
Алматы қ.	5	2	2	-	-	-	-	1	-	2
Барлығы	6	35	12	1	-	2	-	3	8	5

2-кестедегі мәліметтерге сәйкес, мемлекеттік меншіктегі санаторий-курорттық кешендер үлесі – 26, ал жеке меншіктегі санаторий-курорттық кешендер үлесі – 46. Мемлекеттік меншік үлесіндегі санаторий – 6, мамандандырылған санаторий – 12, басқа да санаторий-курорттық ұйымдар үлесіне – 8, ал жеке меншіктегі үлеске келетін болсақ, санаторий – 35, мамандандырылған санаторий – 1, профилакторий – 2, оңалту орталығы – 3, басқа да санаторий-курорттық ұйымдар – 5.

Оның ішінде Алматы облысында мемлекеттік меншіктегі санаторий саны – 2, ал жеке меншіктегі санаторий саны – 3, мамандандырылған санаторий-1, профилакторий – 2, басқа да-1; Жамбыл облысында мемлекеттік меншіктегі мамандандырылған санаторий – 2, ал жеке меншіктегі санаторий – 1, басқа да – 1; Қызылорда облысында мемлекеттік меншіктегі мамандандырылған санаторий – 2, басқа да – 6, ал жеке меншіктегі санаторий – 3; Оң-

түстік Қазақстан облысында мемлекеттік меншіктегі санаторий – 1, мамандандырылған санаторий – 4, басқа да – 2, ал жеке меншіктегі санаторий-24, оңалту орталығы – 2, басқа да – 1; Алматы қаласы бойынша мемлекеттік меншіктегі санаторий – 5, мамандандырылған санаторий-2, ал жеке меншіктегі санаторий – 2, оңалту орталығы – 1, басқа да – 2 емдік-сауықтыру кешендері объектісі барын көреміз.

Сондай-ақ, орналастыру орындары, оның ішінде пансионаттар мен демалыс үйлері жайындағы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрілігі, Статистика комитеті ұсынған деректер бойынша талдай аламыз. Төмендегі 4-5-кестелер.

Аймақта орналастыру орындарының ішіндегі демалыс пансионаттарының үлесіне аймақта – 7, демалыс үйлері – 25 келеді.

Аймақта емдік-сауықтыру туризмін дамыту жұмыстарына тоқталатын болсақ, әр облыс көлемінде қарастырған жөн.

3-кесте – Орналастыру орындарының республика бойынша көрсеткіштері

	Орналастыру орындарының саны, бірлік	Қызмет көрсетілген келушілер саны, адам	Біржолғы сыйымдылық, төсек-орын
Демалыс пансионаттары	27	40235	2319
Демалыс үйлері	81	170702	7781

4-кесте – Орналастыру орындарының түрлері бойынша облыстардағы көрсеткіші

	Демалыс пансионаттары	Демалыс үйлері
Алматы облысы	5	21
Жамбыл облысы	-	1
Қызылорда облысы	-	2
Оңтүстік Қазақстан облысы	-	-
Алматы қаласы	2	1
Барлығы	7	25

Оңтүстік Қазақстан облысының 2016-2020 жылдарға арналған даму бағдарламасына сәйкес Сарыағаш ауданында («Көктерек» елді-мекенінде) минералды және тармальді суларды пайдаланып, емдік-сауықтыру туризмін дамыту үшін, «Сарыағаш» жаңа курорттық қалашығын салу бойынша жоба іске асырылуда. Жоба өзіне қонақ үйлерін, санаторийлерді, ашық және жабық бассейндерді (термальді сулы), спорт орталықтарын, конференц-залдарды қосады. Одан өзге, «IPK International» неміс консалтингті компаниясымен 2020 жылға дейін «Сарыағаш» жаңа курорттық қалашығының мастер-планы әзірленген (Оңтүстік Қазақстан облысының әкімдігінің ресми сайты: ontustic.gov.kz).

Алматы облысының 2016-2020 жылдардағы даму бағдарламасының аясында Ұйғыр ауданында «Premium Spa Resort» ыстық су көздерінде сауықтыру кешені, Қапшағай қаласында балаларға арналған сауықтыру кешені қолданысқа берілді және де «Алматы» демалыс аймағында қонақ үй кешендері қайта күрделі жөндеуден өткізілді, Алакөл ауданында Алакөл көлінің жағалауында «ДемАлакөл» отбасылық демалыс орталығы ашылды (Алматы облысы әкімдігінің ресми сайты).

Қызылорда облысы аймағында 2012 жылдан бастап Мемлекет басшысының бастамасымен, ҚР Спорт және туризм министрлігі тарапынан қолдау алу арқылы Қызылорда облысының әкімдігінің тапсырысымен, Батыс Еуропа-Батыс Қытай халықаралық транспорттық дәлізінің

мүмкіншіліктерін пайдаланып «Облыстық жол картасы бағдарламасы» жобасы жүзеге асырылуға жолданды. Жобаға көптеген жұмыстар жүргізуді талап ететін, бірнеше туристік орталықтар кіргізілді: «Қорқыт ата» мемориалдық кешені, мега-кешен «Ғарыш айлағы», «Қамбаш» туристік аймағы.

Қамыстыбас (Қамбаш) көліндегі «Қамыстыбас (Қамбаш)» туристік аймағының жобасы ең келешекті, үміт күттіретін және көркем жобалардың бірі болды. Жобаны жүзеге асыру үшін 494 га жер және мемлекет тарапынан 40,9 млн.т. бөлінді (Қызылорда облысы әкімдігінің ресми сайты).

Жамбыл облысында емдік-сауықтыру туризмін дамыту бойынша шаралар бәсең деңгейде жүргізілуде. Оның себебін тарихи-экскурсиялық туризмге басымдылық берілуінде және де облыстағы туристік компаниялардың сала бойынша қызмет ұйымдастыруды қолға алмауында.

Нәтижелер және талқылау

Емдік-сауықтыру кешендерінің даму деңгейі әр аймақта әр қилы. Бұл ең алдымен, табиғи емдік факторларының болуына, олардың таралуына байланысты. 2017 жылғы көрсеткіш бойынша аймақта ең көп емдік-сауықтыру кешендерінің үлесі Оңтүстік Қазақстан облысына тиесілі, емдік-сауықтыру кешендерінің саны – 34. Ал Алматы және Қызылорда облыстарында – 9-11 кешеннен, Жамбыл облысының үлесіне 6 кешен тиесілі. Алматы облысында санаторий

саны – 3, мамандандырылған санаторий саны – 3, профилакторий – 2, басқа да мамандандырылған санаторийдің саны – 1. Төсек-орын саны – 981, емделгендер саны – 10516 адам. Жамбыл облысында санаторий – 3, мамандандырылған санаторий – 2, басқа мамандандырылған орталықтар – 1. Төсек-орын саны – 1083, емделгендер саны – 12611; Қызылорда облысында санаторий – 3, мамандандырылған санаторий – 2, басқа мамандандырылған орталықтар – 6. Төсек – орын саны – 1781, емделгендер саны – 22988; ОҚО санаторий – 25, мамандандырылған санаторий – 4, оңалту орталықтары – 2, басқа мамандандырылған орталықтар – 3-і бар. Төсек-орын саны – 4845, емделгендер саны – 79887 адам. Алматы қаласында санаторий саны – 7, мамандандырылған санаторий саны – 2, оңалту орталығы – 1, басқа да мамандандырылған санаторийдің саны – 2. Төсек-орын саны – 2096, емделгендер саны – 46742 адам. Меншіктік үлесіне қарай жеке меншіктегі емдік-сауықтыру кешендері үлесі басым. Бұл ақпараттарға қарағанда аймақта емдік-сауықтыру кешендерінің көрсеткіштері бойынша Оңтүстік Қазақстан облысының алатын орны ерекше екенін және қолданылуы мен басқаруының дамығандығын көреміз (Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі, Статистика комитетінің ресми сайты).

Аймақтың 2018 жылғы статистикалық қорытынды көрсеткіштері әлі жарияланбады.

Емдік-сауықтыру кешендерінің даму келешегі жайында айтатын болсақ, ең алдымен санаторий-курорттық кешендердің дамуы мен басқаруындағы мәселелерге көңіл аудару керек. Өкінішке орай, қазіргі таңда әлі күнге дейін емдік-сауықтыру кешендерін басқару заңнамалары ретке келтірілмеген. Сондай-ақ, емдік-сауықтыру кешенін басқару бір жүйеге келтірілмеген, министрліктер мен мекемелер, қоғамдық ұйымдар мен акционерлік қоғамдар арасында бөлініп тасталған. Оған мысал ретінде Алматы шипажайын алсақ та болады (Нұат, 2006).

Емдік-сауықтыру кешендерінің материалдық базасын басқаруды да қолға алған жөн. Мемлекеттік бюджеттен оларды салу мен жаңарту жұмыстарына қаржы бөлінбеуінен, мемлекеттік курорттардың материалдық базасы құлдырауға түсуде.

Емдік-сауықтыруды ұйымдастыру тұрғысынан Қазақстан курорттары айтарлықтай төмен деңгейде тұр. Оған себеп, туристік өнімдер бағасының тым қымбаттығы, ішкі және шетелдік емдік-сауықтыру туризмінің туристтерін тартуға

қабілетсіздігі, жоғары кәсіби мамандардың тапшылығы. Бұл жағдайда Қазақстанның өте күшті рекреациялық потенциалға ие екенін де айта отырып, емдік-сауықтыру кешендері жағдайының шиеленіскендігін себептерін анықтаймыз.

Сондай-ақ, ел халқының әлеуметтік жағдайының төмендегенін де ескерген жөн.

Қорытынды

Қорытындылай келе, емдік-сауықтыру кешендерінің негізгі көрсеткіштерін талдай отырып, емдік-сауықтыру кешендері аймақта ғана емес, республикалық деңгейде де дұрыс, біркелкі ұйымдастырылмағандығын аңғарамыз. Бұл, емдік-сауықтыру кешендерінің дамуына айтарлықтай әсер ететіндігін білдіреді. Оны кесте көрсеткіштерін талдай келе кешеннің тек ОҚО-да ғана бірқалыпты дамығандығын, емдік-сауықтыру кешендерінің ресурстық потенциалы мол бола тұра аймақтың қалған бөлігінде іргелі дамудың болмауынан көреміз.

Емдік-сауықтыру кешендерінің әлі де болса дамуға мүмкіндігі болуына кешеннің жеке меншікке өтуі де әсер етеді. Себебі, жеке меншік, АҚ, т.б. өтуіне байланысты емдік-сауықтыру кешендеріне ұйымдастыру жұмыстары қатаң жүргізіліп, сонымен бірге күрделі жөндеу жұмыстары да жүргізілуде (Altinay, 2008).

Емдік-сауықтыру кешендерін ұйымдастыруда ең негізгі көңіл аудартатын жай халықтың демографиялық потенциалы. Ол 2 жағдайда:

1) олар рекреациялық әрекеттерді ұйымдастыруда өте маңызды;

2) Қазақстанның демографиялық жағдайы рекреациялық саладағы әрекеттердің қазіргі жағдайына қатысы; Оның себебі еңбек потенциалы әлеуметтік-экономикалық потенциалдың бір бөлігі болып табылуында. Халықтың демографиялық, әлеуметтік жағдайын түземей, кешеннің дамуындағы негізгі мәселелерді шеше алмаймыз (Крупенина, 2011.).

Саралай келе, аймақтағы емдік-сауықтыру кешендерінің дамуындағы негізгі мәселелерді айқындаймыз:

– Аймақта емдік-сауықтыру кешендерінің дамуы халық санының өсуінен, халық шаруашылығынан, адамдардың тұрмыс деңгейінен айтарлықтай дәрежеде артта қалуда;

– Үкімет емдік-сауықтыру кешендерін дамытуға аз назар аударады;

– Емдік-сауықтыру кешендерін дамытудың мемлекеттік бағдарламасы жоқтығы;

– Ішкі нарық пен сыртқы нарықта емдік-сауықтыру кешендерінің өнімін өткізуге нақты жоспарланған мемлекеттік бағдарлама мен ақпараттық-жарнамалық қамсыздардырудың болмауы;

– Көптеген санаторий-курорттық кешендер авариялық жағдайда болуы.

Сонымен қатар облыстар бойынша 2016-2020 жылдарға арналған даму бағдарламаларында SWOT-анализі кестесіндегі емдік-сауықтыру туризмінің әлсіз жақтары мен қауіп қатерлерінің әсерлерін мемлекеттік тұрғыда жоюға тырысу, не әлсірету.

Мысал ретінде кейбір мәселелерді қарастырайық:

– аймақтағы туризмді дамытуды жоспарлауындағы жергілікті кәсіпкерлер мен қоғамның қызығушылығын аздығы;

– біндегі жергілікті кәсіби ассоциацияларын жоқтығы;

– салааралық байланыстың әлсіз орнауы;

– туристік саладағы ақпараттық инфрақұрылымның жеткілікті дәрежеде дамымауы;

– экономикадағы тұрақсыздықтың салаға қатты әсер етуі;

– бәсекелестіктің болмауы;

Жоғарыда айтылған туындап отырған мәселелерді шешіп, емдік-сауықтыру кешендерін дамытуға мүмкіндік ашамыз және халықтың әлауқатын көтеретініміз анық.

Әдебиеттер

Ким А.Г. Рекреационная оценка территории и развитие туристско-рекреационного хозяйства в Казахстане – А.: Рауан, 1997. – 205 с.

Алматы облысы әкімдігінің ресми сайты: zhetysu.gov.kz

Бабкин А.Б. «Специальные виды туризма»: учеб. пособие/ – Ростов н/Д.: Феникс, 2008. – 252с.

Гидбут А.В., Мезенцев А.Г. Курортно-рекреационное хозяйство (региональный аспект) – М.: Наука, 1991. – 91 с.

Ердаuletов С.Р. Казахстан туристский. – Алматы.: Кайнар, 1989.– 188 с.

Жамбыл облысы әкімдігінің ресми сайты: m.zhambyl.gov.kz

Жинкин А., Паламарчук О. Курортное дело, спорт и туризм / Жинкин А., Паламарчук О.//Кубань: история, экономика, культура. – Краснодар, 2001. С. – 245-271.

Карагозов О.В. Организационные аспекты повышения эффективности санаторно-курортной сферы. – Сочи: Знание. 2008. – С. 26.

Крупенина Т. Социальные проблемы развития индустрии туризма. // Управление персоналом. – 2011. – №5. – С. 38-43.

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі, Статистика комитетінің ресми сайты: <http://stat.gov.kz/>

Қызылорда облысы әкімінің ресми сайты: <https://e-kyzylorda.gov.kz>

Накатков Ю.С. История туризма Казахстана. – Алматы, 2012.

Оңтүстік Қазақстан облысының әкімдігінің ресми сайты: ontustic.gov.kz

Полторанов В.В., Мазур М.М. Санаторно-курортное лечение и его эффективность – М.: Профиздат, 1989.– 263 с.

Ердаuletов С.Р. География туризма: история, теория, методы, практика – Алматы: «Атамұра», 2000.– 336 с.

Alleman, B., et al. (2010), Medical Tourism Services Available to Residents of the United States. *Journal of General Internal Medicine*, 1-6

Altinay L & Paraskevas A (2008) Planning research in hospitality and tourism (Butterworth-Heinemann)

Balaban, V. & Marano, C. (2010), Medical tourism research: A systematic review. *International Journal of Infectious Diseases*, 14

Brotherton, B. (2008) *Researching Hospitality and Tourism: A Student Guide* (Sage Publications)

Eric Laws. (2004), *Improving Tourism and Hospitality Services* – CABI , – 203

Jennings, G. (2006) *Tourism Research* (John Wiley & Sons, Australia).

Huat, J. Y. C. (2006a), *Medical Tourism/Medical Travel* (part one). *SMA News*, 38.

László Puczkó and Melanie Smith. (2017), *The Routledge Handbook of Health Tourism*.

Lunt, N. & Carrera, P. (2010), *Medical tourism: Assessing the evidence on treatment abroad*. *Maturitas*, 66, 27-32.

Melanie K. Smith, László Puczkó (2009): Elsevier/Butterworth-Heinemann., *Health and Wellness Tourism*

Milica Zarkovic Bookman and Karla R. (2007), *Bookman: Palgrave Macmillan.*, *Medical Tourism in Developing Countries*.

Smith, S. (2010) *Practical Tourism Research* (CABI).

The 2009-2014 World Outlook for Medical Tourism, ICON Group International: Publisher: ICON Group International. – 2008.

Wall, G., in Jafari, J. (chief editor), (2000). *Encyclopedia of Tourism*, Routledge, UK.

References

А.Г.Ким Рекреационная оценка территории и развитие туристско – рекреационного хозяйства в Казахстане – А.: Рауан, 1997. – 205с.

Алматы облысы әкімдігінің ресми сайты: zhetysu.gov.kz

Бабкин А.Б. «Специальные виды туризма»: учеб. Пособие/ – Ростов н/Д.: Феникс, 2008. – 252с.

- Гидбут А.В., Мезенцев А.Г. Курортно-рекреационное хозяйство (региональный аспект) – М.: Наука, 1991.– 91с.
- Ердавлетов С.Р. Казахстан туристский – Алматы.: Кайнар, 1989.– 188с.
- Жамбыл облысы әкімдігінің ресми сайты: m.zhambyl.gov.kz
- Жинкин А., Паламарчук О. Курортное дело, спорт и туризм// Жинкин А., Паламарчук О./Кубань: история, экономика, культура. – Краснодар, 2001. с – 245-271.
- Карагозов О.В. Организационные аспекты повышения эффективности санаторно-курортной сферы. – Сочи: Знание. 2008. – с.26.
- Крупенина Т. Социальные проблемы развития индустрии туризма. // Управление персоналом. – 2011. -№5. – С. 38-43.
- Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі, Статистика комитетінің ресми сайты: <http://stat.gov.kz/>
- Қызылорда облысы әкімдігінің ресми сайты: <https://e-kyzylorda.gov.kz>
- Накатков Ю.С. История туризма Казахстана. – Алматы, 2012
- Оңтүстік Қазақстан облысының әкімдігінің ресми сайты: ontustic.gov.kz
- Полторанов В.В., Мазур М.М. Санаторно-курортное лечение и его эффективность – М.: Профиздат, 1989.– 263с.
- С.Р. Ердавлетов География туризма: история, теория, методы, практика – А.: «Атамұра»,2000.– 336с.
- Alleman, B., et al. (2010), Medical Tourism Services Available to Residents of the United States. *Journal of General Internal Medicine*, 1-6
- Altinay L & Paraskevas A (2008) *Planning research in hospitality and tourism* (Butterworth-Heinemann)
- Balaban, V. & Marano, C. (2010), Medical tourism research: A systematic review. *International Journal of Infectious Diseases*, 14
- Brotherton, B. (2008) *Researching Hospitality and Tourism: A Student Guide* (Sage Publications)
- Eric Laws. (2004), *Improving Tourism and Hospitality Services* – CABI , – 203
- Jennings, G. (2006) *Tourism Research* (John Wiley & Sons,Australia).
- Huat, J. Y. C. (2006a), Medical Tourism/Medical Travel (part one). *SMA News*, 38.
- László Puczko and Melanie Smith. (2017), *The Routledge Handbook of Health Tourism*.
- Lunt, N. & Carrera, P. (2010), Medical tourism: Assessing the evidence on treatment abroad. *Maturitas*, 66, 27-32.
- Melanie K. Smith, László Puczko (2009): Elsevier/Butterworth-Heinemann., *Health and Wellness Tourism*
- Milica Zarkovic Bookman and Karla R. (2007), *Bookman: Palgrave Macmillan., Medical Tourism in Developing Countries*.
- Smith, S. (2010) *Practical Tourism Research* (CABI).
- The 2009-2014 World Outlook for Medical Tourism, ICON Group International: Publisher: ICON Group International. – 2008.
- Wall, G., inJafari, J.(chief editor), (2000). *Encyclopedia of Tourism*, Routledge, UK.

